

мүддені жақтауы, реформаларға қарсылық көрсетуі, заңдарды сапасына қарамастан ат үсті қабылдауы, қабылданған заңдардың орындалуын бақылау функциясының әлсіздігі, заң шығармашылықта басым бағыттарды ажырата білмеуі және қажетсінбеуі күннен күнге анық көзге түсе бастады. Әрекет етуші парламенттің кемшіліктері, оның әрекетінің барынша тиімді жетілген нысандарына ауысу қажеттілігі тіпті депутаттар топтарының арасында да биресми талқылаудың өзегіне айналды. Нәтижесінде өзін-өзі таратудың алдында, 1993 жылдың желтоқсанында тұрақты негізде комитеттерде жұмыс істейтін халық депутаттарынан тұратын «кіші» парламент құру мәселесі көтерілген еді [10, 24].

Қалай деген күнде де, XII-ші шақырылымдағы Жоғарғы Кеңес өз қызметін кеңестік мемлекетте қайта құру саясаты үстемдік құрып тұрған кезеңде бастаған, тұңғыш рет демократиялық жолмен баламалы негізде сайланған, ел сенімін аркалаған депутаттардан құралған Парламент болатын. Саяси-экономикалық, әлеуметтік жүйелердің ауысуы кезеңінде әрекет еткен Жоғарғы Кеңес осындай аумалы-төкпелі кезеңде белгілі бір деңгейдегі қиыншылықтарды бастан өткізе отырып, елде жүзеге асырылып жатқан саяси-экономикалық өзгерістерді, мемлекет егеменділігі мен тәуелсіздігін, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге қажетті құқықтық негіз қалыптастыра алу қабілеттілігімен танылды. XII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңес Қазақстан тәуелсіздігінің, елде парламентаризмнің қалыптасуының тұғырнамасын қалаған бірқатар маңызды саяси-құқықтық құжаттарды қабылдаудан көрінетін ерекше роль атқарды.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 «Қазақ ССР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ ССР Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚазССР-ң заңы // Социалистік Қазақстан.– 1990. – 12 мамыр.
- 2 Қазақ КСР-нің Мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы // <http://adilet.zan.kz>
- 3 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» ҚР конституциялық заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz>
- 4 Әбділдин С.Ә. Қазақстан Парламенті Одақтан ордалы елге бет түзеп...– Алматы: Қазақстан, 1993. – 184 б.
- 5 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы. – Астана, 2007. – 372 б.
- 6 Турецкий Н.Н. Законодательная ветвь власти Казахстана. – Алматы: Издательство «Норма-К», 2011. – 336 с.
- 7 Сартаев С.С. Три высоты Президента // Экспресс К. – 2006.– № 238 (16140). – 16 декабрь.
- 8 Зиманов С.З. Конституция и Парламент Республики Казахстан. – Алматы: Жеті Жарғы, 1996. – 252 с.
- 9 Исімбаева Г.И. Елбасы және ел мұраты // Ана тілі. – 2012. – 15 қараша.
- 10 Ахметова Н.С., Тушиев Р.М. История развития парламентаризма в Казахстане // Вестник КарГУ. – 2011. - № 1. – С. 22-26.

МЕМЛЕКЕТ ӨРКЕНИЕТ ПЕН МӘДЕНИЕТТІҢ КӨРІНІСІ РЕТІНДЕ

*Ахметова Н.С., з.ғ.к., мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының профессоры
Жапаров Ә.Н., заң факультетінің магистранты, Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Мемлекеттің әр алуан анықтамалары өте көп, олардың барлығы төменде көрсетілген келесіні тұжырымдайды. Мемлекет – бұл қоғамнан бөлініп шыққан және әлеуметтік-экономикалық тұрмыспен, саяси өмірдің дәстүрлерімен, егеменді жария билікпен ерекшеленетін саяси ұйым. Қоғамның эмпирикалық (тәжірибелі) өнімі ретінде туындай отырып, мемлекет қоғаммен сәйкес келмейді және оған қатысты басқарушы жүйе болып табылады [1, 153]. Бұл жүйе өзіндік ішкі даму қисыны, нақты (мыңжылдықтар бойы қалыптасып келген) құрылымды ұйымы, құрылымды элементтерінің өзара әрекет етуінің ерекше механизмі болады. Осылайша, мемлекет – өзіндік мәні, мазмұны және нысаны бар ашық және өзіне-өзі жеткілікті жүйе. Жария биліктің аппараты қоғамды жеке мінез-құлықтарды орталықтандырылған үйлестірудің арнайы амал-шарттары арқылы басқаруды жүзеге асырады. Ол мінез-құлықтардың осындай шексіз мөлшеріне осы әлеуметтік ортамен талап етілетін бағдар беріп отырады. Кез-келген билік өз алдына саяси, әлеуметтік-экономикалық, идеологиялық сипаттағы мақсаттар қояды және олармен, кем дегенде,

азаматтардың көбі келісу қажет. Сонымен мемлекеттің айрықша белгісі – бұл егеменді жария биліктің болуы. Мемлекеттің ғылыми дәстүрге сәйкес тағы бір белгісі болып оның аймақтық ұйымдастырылуы табылады. Мемлекеттің аймағы – оның юрисдикциясы әрекет ете алатын кеңістігі. Әдетте аймақ әкімшілік-аймақтық деп аталатын ерекше бөлініске ие болады. Осының негізінде жаңа қоғамдық институт – азаматтылық және бағынушылық деген институт туындайды. Әкімшілік-аймақтық бөлінудің туындауына байланысты жария биліктің аймақтық құрылымы пайда болады: биліктің орталық және жергілікті органдары туындайды. Ол, өз алдына, бөлек елдердің қалыптасуына ықпал етеді. Демек, егеменді жария билік секілді мемлекет билігі мемлекетті оның әлеуметтік-саяси мәні тұрғысынан айрықшалығын көрсететін болса, ал аймақтық белгісі бойынша жария биліктің қолданылуы оның аппаратының жария билікпен ұйымдастырылуының ерекше нысанын сипаттайды. Осындай өзінің нысанында мемлекет халықтың саяси ұйымы ретінде көрініс табады. Мемлекеттің тағы бір белгісі болып салықтар саналады. Салықтар – бұл мемлекеттің және оның органдарының материалды негізі – жария биліктің қызметін қамтамасыз ету үшін, аумақсыздарды әлеуметтік қолдау үшін және т.б. жеке және заңды тұлғалардан алынатын ақшалай қаражаттар. Шынымен де, мемлекет қоғамды біріктіретін күш ретіндегі арналуын орындауы үшін, қоғамда болып жатқан алуан түрлі әлеуметтік және саяси үрдістерді (экономиканың реттелуін жүзеге асыру, мемлекеттік аппаратты, әскерді, милицияны, әділ сот органдарын, түрме жүйесін асырау, білім беру, ғылым, мәдени және өзге де мемлекеттік өзге әлеуметтік бағдарламаларды қолдауды, қоршаған ортаны қорғау және т.б.) жүзеге асыра алуы үшін билік аппараты ақшалай қаражаттарды талап етеді. Сондықтан барлық елдерде мемлекеттік реттеудің әрекет етуші құралы болып салықтар, баждар, мемлекеттік тапсырыстар, стандарттар, мемлекеттік тарифтер және өзге де халықтан жиналатын міндетті алымдар табылады, олардың мөлшері, алу мерзімдері мен тәртібі нормативтік-құқықтық актілерде айқындалады.

Мемлекет түсінігінің өзін оның мәні арқылы анықтауға болады. Осы құбылыстағы басты анықтаушы – бұл оның мәні. Осыған байланысты мемлекеттің мәні оның екі жағының, яғни жалпы адами және таптық жақтарының бірлігі ретінде айқындалады. Демек мемлекет мәнін анықтаудың екі тәсілі бар: жалпы таптық және жалпы әлеуметтік.

Жалпы әлеуметтік әдіс дегеніміз – мемлекет әлеуметтік ымыраның, қарама-қайшылықтарды жұмсарту, қоғамның әр түрлі жіктерінің ынтымақтастық жолдарын іздеу құралы болуы қажет. Оған қоса демократиялық қоғам құқықтық тәртіпті, заңдылық режимін ұстану, заңды бұзғандар үшін жазалаудың міндеттілігін талап етеді.

Мемлекет – бұл ең маңызды деген әлеуметтік қатынастарды реттеу және жөндеу мақсатындағы жалпыға міндетті мінез-құлық ережелерін бекітетін және санкциялайтын нақты-тарихи қоғамның саяси ұйымы және де ол арнайы жария аппарат арқылым аймақтық белгісі арқылы біріктірілген осы қоғамның қажеттіліктері мен мүдделерін іске асыруды қамтамасыз етеді. [2, 66]

Мемлекетті өзге де қоғамдық, саяси ұйымдардан келесідей негізгі белгілер ажыратады:

- Бүкіл қоғамның саяси ұйымдастырылуы, яғни мемлекет бір аумақта тұратын адамдардың әлеуметтік мүдделері мен қажеттіліктерін білдіреді (қоғамның ресми өкілі).

- Жария билік, яғни мемлекеттік аппарат қоғамнан өзінің арнайы басқарушылық, ұйымдастырушылық қызметімен бөлінген. Осы аппаратты ұстау үшін салықтар мен алымдар алынады.

- Халықтың аумақтық ұйымдастырылуы, яғни мемлекеттік идеясымен біріктірілген және өзге де халықтармен танылған белгілі бір аумақта тұратын тарихи қалыптасқан қоғам.

- Мемлекеттік егеменділік – халық атынан ішкі және сыртқы шешімдерді қабылдаудағы мемлекеттің айрықша құқығы.

- Арнайы аппараттың көмегімен мемлекеттік аппаратпен бекітілген немесе санкцияланған және мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен (полициямен, әскермен) қамтамасыз етілген жалпыға міндетті мінез-құлық ережелердің болуы. Жоғарыда аталған белгілерді нақтылай түсетін мемлекеттің өзге де белгілерін бөліп көрсетеді.

Мемлекеттің мәнін білдіретін өзге де анықтамаларын белгілеу үшін әр түрлі тәсілдер бар, олардың негізгілері – таптық әдіс және жалпы әлеуметтік әдіс. Таптық әдістің негізінде антагонистік таптардың (қанаушы және қаналатын таптардың) арасындағы таптық күрес жатыр, бұл жерде мемлекет экономикалық билік етуші таптың қолындағы қару рөлін атқарады. Әлеуметтік әдістің негізінде мемлекеттік аппарат арқылы мүмкін болатын әр алуан қоғамдық топтардың мүдделер ымырасын, сондай-ақ жалпы әлеуметтік функцияларды жүзеге асыруды бөліп көрсетуге болады.

Осы екі негізгі әдістерден басқа, нәсілдік, ұлттық, діни әдістерді де атап өтуге болады, бұл жерде мемлекеттік тиісінше белгілі бір нәсіл, ұлт, дін мүдделерін білдіреді.

Кез-келген мемлекеттік билік қандай да бір ұйымдастырушылық нысандарда жүзеге асырылады. Олардың жиынтығы мемлекеттік биліктің механизмін құрайды. Мемлекет механизмі – бұл мемлекеттік билік жүзеге асырылатын және қоғаммен мемлекеттік басқару қамтамасыз етілетін мемлекеттік ұйымдардың жүйесі. Мемлекеттік билік механизміндегі негізгі орынды мемлекеттік аппарат алып отырады. Бұл – белгілі бір органдар жүйесі және олардың көмегімен қоғамдағы мемлекеттік билік жүзеге асырылады. Бұл жерде назар аударатын жай, мемлекет аппараты – ол оның бөлек органдарының механикалық байланысы емес, олардың нақты ұйымдасқан, нақты реттелген тұтас жүйесі. [3, 89]

Қоғам мемлекеттен бөлектенгісі және оның ісін регламенттегісі келеді. Бұл ұмтылыс құқықтық түрде бекітіледі, соның негізінде мемлекет қоғамның бір жүйесі ретінде анықталады. Заң күші мемлекеттен жоғары болғанда ғана мемлекет құқықтық болып табылады. Мемлекет феноменін, оның жүйесі мен құндылығын, құрылымының принциптері мен тиімді функциялануының механизмін, даму перспективасы мен рөлін зерттеуқазіргі таңда адамзаттық қоғамда, оны басқаруда, әлеуметтік субъектілердің құқықтық өмірі және саяси жетілдіру мәселесінің өзара байланысы мен өзара түсіністігі билікті кешенді зерттеудің маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Демократиялық қоғамның басында саяси ұйымдастырылған мемлекеттің құндылығы мынада – барлық кешеннің көмегімен оның институттарының алынып тасталуы, биліктің теріс жақтарының тежелуі, халық билігі, экономикалық және рухани факторлар нығайтылуы мүмкін, ал қоғам мәдениет пен өркениеттің прогрессивті қалыпта дамуына мүмкіндік алады.

Мемлекет, мемлекеттік билік, оның шектелуіне дейінгі сұрақтарды ойлана отырып Платон, Аристотель, Полибий сияқты ерте римдік ой толғаушылар барлық биліктің «бір билікке» шоғырлануға болмайтыны жөнінде, «философ-билеуші» түріндегі «ағартушылық» билік туралы ойлар тұжырымдады.

Одан кейінгі кезеңдерде мемлекет, оның шығу тегі, даму кезеңдері, мәні және оған тән сипаттары жайлы сұрақтар Н.Макиавеллидің, Дж.Локканың, Ш.Монтескьенің, америкалық ойшылдардың, құқықтанушылардың, мемлекет қайраткерлерінің еңбектерінде қаралды.

Қазіргі кезеңде әсіресе Т.В.Кашаниннің «Мемлекеттің және құқықтың шығу тегі» атты еңбегін атап өткен жөн. Онда автор қоғамдық дамудың ең қиын мәселесін – мемлекет пен құқықтың шығу тегін зерттеуді алдына мақсат етіп қояды. Ол тек құқықтану көзқарасы жағынан ғана жазылмаған. Онда автор антропологиядағы, тарихтағы, саясаттанудағы, философиядағы қазіргі ғалымдардың жетістіктеріне сүйеніп жазған. Қазіргі уақытта заң ғылымында мемлекеттің саясаты, шығу тегі, мемлекеттің саяси білім ретіндегі тарихи даму кезеңдері, оның негізгі белгілері мен көрінісі жайында жаңа тәсілдер мен тракттар қалыптасты. Бұл мәселелерге А.А.Алексееваның, М.Н.Марченконың, В.С.Нерсисянцаның, А.В.Васильеваның, А.Е.Грининаның, В.Е.Чиркинаның және тағы да басқалардың еңбектері арналды. Мемлекет түсінігі жайында тарихи және қазіргі заманғы аспектілер Зиманова С.З., Баймаханова М.Д., Сартаева С.С., Ударцева С.Ф., Бейсенова Н.У., Бусурманова Ж.Д. және басқа да қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде қаралды. Бұрынғы зерттеулердің маңыздылығын мойындай отырып, бүгінгі таңда көптеген сұрақтар жаңадан пайымдауды қажет етеді. Сонымен, мемлекет түсінігінің өзін, мемлекеттік билік түсінігін қайта қарау сыни бағалауды қажет етеді. Ол көбінесе қазіргі дәуірдің ерекшеліктеріне негізделеді. Күші өзгерген тәсілдермен мемлекетті тануда және нақтылауда мемлекеттіліктің барлық жүйесінің тиімділігін қамтамасыз етуге қабілетті «мықты мемлекет» категориясын қажет етеді. Осы мәселер мен мемлекеттік жүйенің дамуына әсер ететін факторларға арналған қазіргі заманғы зерттеулерге жеткіліксіз назар аударылуда. Мәдениет ұғымын тереңірек түсіну үшін, оған мағыналық жақындығы бар кейбір басқа ұғымдармен арақатынасын қарастырып өтейік. Осы сипатта біздің зердемізге бірінші түсетін ұғым — өркениет. Өркениет (цивилизация) семантикалық жағынан алғанда (латын тілінің — «civilis» сөзі) азаматтық дегенді білдіреді. [4, 325] Римдіктер бұл ұғымды «варварлықтар» деп өздері атаған, басқа халықтар мен мемлекеттерден айырмашылықтарын көрсету мақсатында қолданған. Яғни, «өркениет» олардың түсініктері бойынша азаматтық қоғамы, қалалық мәдениеті, заңға негізделген басқару тәртібі бар Рим империясының даму дәрежесін білдіреді. Ғасырлар бойы қалыптасқан осы екі ұғымның мағыналарын төмендегідей топтастыруға мүмкіндік бар:

1. Мәдениет пен өркениет бір. Олар синонимдер (И. Гердер, Э.Б. Тайлор).

2. Өркениет - мәдениеттің ақыры, оның кәрілік шағы, руханилықтың антиподы (Ж.Ж. Руссо, Ш. Фурье, О. Шпенглер).

3. Өркениет - мәдениеттің прогресі, болашаққа бой сермеуі, қоғамның парасаттылық деңгейі (Ф. Вольтер, Д. Белл).

4. Өркениет - тағылық пен варварлықтан кейінгі тарихи-мәдени саты (Л. Морган).

5. Өркениет - этностар мен мемлекеттерге тән мәдениеттің оқшау түрі (А. Тойнби, Н.Я. Данилевский және т.б.). 6. Өркениет мәдениеттің техникалық даму деңгейі, оның материалдық жағы. Бұдан көретініміз, мәдениет пен өркениет бір-бірімен байланысты ұғымдар екен. Мәдениеттанушы Г. Чайлдтың пікірінше, өркениетке еңбектің қоғамдық жолмен бөлінуі, қалалардың пайда болуы, жазбаша мәдениеттің дамуы, қолөнер мен сауданың өркендеуі, азаматтық қоғам мен мемлекеттің орнауы жатады. Мәдениетті тұлғалық сипатта қарастырғанда, бірнеше елеулі түсініктерге тоқтала кету қажет, олардың ішіндегі маңыздылары: мәдени әрекет, мәдени орта, мәдени игіліктер мен қажеттіліктер және мәдени ұйымдар мен ұжымдар. Бұлардың арасында ең түбегейлісі — мәдени әрекет. Әрекеттену - жалпы адам мен қоғамның өмір сүру тәсілі, тіршіліктің тірегі. Мәдени әрекет деп, әдетте, мәдениет игіліктерін өндіруге, таратуға, тұтынуға бағытталған мақсатқа сәйкес әлеуметтік іс-қимылдарды атайды. Мәдени игіліктерді толассыз жасау нәтижесінде адам өзінің де мәдени деңгейін көтереді. Ал, біздің алдымыздағы мақсат мәдениет пен өркениеттің прогрессивті құбылысы ретіндегі мемлекеттің оң әлеуетін ашу және қалыптастыру үрдісі болып табылады. [5, 117] Онда:

- Объективті тарихи үрдіс ретінде мемлекеттің жалпы пайда болу заңдылықтарын қарау.

- Мемлекеттің пайда болуының негізгі теорияларына баға беру және мемлекеттік құрылудың негізгі жолдарын (тәсілдерін) бөлу.

- «Дамымаған саяси білім», «дамыған мемлекет» түсініктерін қарау.

- Заң ғылымында қалыптастырылған негізгі ережелері тарихи және қазіргі заманғы аспектілі мемлекет түсінігін, оның мәнін және әлеуметтік мақсатын бөліп қарау және талдау.

- Қазіргі кезеңдегі мемлекеттің қызметтері мен кейбір ауқымды мәселелерін қарау.

Мемлекеттің пайда болуы алғашқы қауымдық құрылыс тізбегінің барлық алдыңғы дамуының объективті заңдылығы болады: адамның жануарлар әлемінен бөлінуі, қағамдық еңбек бөлінісі, оның өндірістілігінің өсуі, отбасылардың, қару-жаракқа және өндіріс құралдарына жеке меншіктің, құлдарды пайдалануға, қауым, тайпа мүшелерінің мүліктік бөлінуінің және т.б. пайда болуы. [6, 345] Біртіндеп дами келе қоғам мемлекеттікке өтеді. Ғалымдар мемлекеттің қалыптасуының келесі жолдарын бөледі: афиналық, римдік, ежелгі германиялық, азиялық. Бірақ олар бәрі көбінесе соңғы уақыттарда сынға ұшырап жүрген Маркс пен Энгельстің зерттеулеріне негізделген. Сондықтан да олар жалғыз дұрыс тұжырым деуге болмайды, бірақ сонымен қоса олар өздеріне өте көп оң сәттерді алады. Содан, мысалы дәл Энгельс бойынша жіктеу біршама анық және нақты болып табылады. Егер де оған қазіргі заманғы ойшылдардың ғылыми көзқарастарын қосатын болса, онда мемлекеттің құрылуының айтарлықтай толық көрінісін алуға болады. Бірақ мемлекеттің пайда болуының және құрылуының толық көрінісін елестетуде мемлекеттің пайда болу теориясын да қарастыру қажет. Олар мемлекеттің өзімен бірдей уақытта пайда бола бастады, оларда қоғам танымы және нақты бір тарихи кезеңдегі экономика жағдайы көрініс тапты. Дипломдық жұмыста мемлекеттің пайда болуы туралы келесі теориялар қарастырылды: теологиялық теория, мәжбүрлеу теориясы, нәсілдік теория, инцестті теория, спорттық теория, патримониалды теория, органикалық теория, экономикалық теория, класстық теория, психологиялық теория, келісім-шарттық теория, диффузды теория. Осы теориялардың әрбіреуінің оң және теріс жақтары болды, тарихи кезеңге сәйкес келетін жинақталған білімдер негізінде қоғам мен мемлекеттің көзқарасын көрсетеді, сонымен қатар мемлекеттің пайда болуы және оның дамуы туралы ғылыми ойдың болуында оң үлес қосты. Бірақ, барлық оң жақтарына қарамастан, бірде-бір теория мемлекеттің пайда болуы туралы әмбебап және толық жауап бере алмайды. Дегенмен мемлекеттің пайда болуы мен құрылуы үрдісінде қоғамдық дамудың көптеген факторлары әсер етеді (географиялық жағдайлар, діни, этникалық, экономикалық, саяси факторлар, дәстүрлер, байлық және т.б.)

Біртіндеп дами келе, мемлекет қарапайым мемлекеттен дамымаған саяси түзілімге өтеді. «Дамымағандық» осы жағдайда оны биліктің аппараты мен құрылымының ұйымдастырушылық-техникалық жетілдіруіне жету түріндегі өңделмеген деген мағынада емес, «мемлекет» деген үлкен құбылыста қаланған оң әлеуеттің жүзеге асырылмауы мағынасында түсіну керек. Дамымаған мемлекет – бұл үнемі толық емес мемлекет (ұйымдастырушылық және әлеуметтік). Мұндай «толық еместік» мемлекет пен қоғам арасындағы өзара қарым-қатынасына қатысты. Әртүрлі нұсқалар болды, бірақ олардың әрқайсысында мемлекеттің қандай да бір өте маңызды элементі және қоғамның қажетті сипаттамалары болған жоқ немесе нақты дамымаған болды. Көпшілік

жағдайда аталған толық еместік тікелей мағынада көрінді, өйткені көптеген дамымаған мемлекеттер жиі мемлекеттің маңызды жақтарының жиынтығына ие болған жоқ немесе олардың бір бөлігін немес барлығын қанағаттанарлық деңгейге дейін дамытқан жоқ. Бірінші кезекте, аталғандар мемлекеттің кәсіби басқару және тежеу аппараты, салықтар, жер аумақтық бөліну, сонымен қатар орталықтандыру дәрежесі және жазбаша құқық жатты.

Мемлекеттің дамуының келесі кезеңі «дамымаған мемлекеттен» демократиялыққа өту болып табылды. Демократиялық мемлекетте мемлекеттік және қоғамдық жұмыстарда азаматтардың шынайы қатысуы үшін жағдай жасалады. Мемлекеттің барлық маңызды органдары таңдаулы және халықпен бақыланады. Азаматтар құқық пен еркіндіктің кең және кепілдік заңды шеңберіне ие. Мұнда мемлекет қоғам ментұлғаға қызмет етеді.

Қорыта келе, мынадай тұжырымдар жасауға болады:

1)Тарихи мемлекет элеуметтік түзіліс ретінде өзінің дамуында бірнеше кезеңнен өтті. Үш негізгі кезеңді бөлуге болады: 1) мемлекет қоғамның бір бөлігі болып табылғанда және оның қызметі көбінесе азаматтар арқылы анықталды; 2) мемлекет белгілі бір класстың қаруы болғанда, тұрғындардың қабаты отбасылардың жеке жұмысы сияқты болды; 3) Мемлекет қоғамнан бөлінген және белгілі бір дәрежеде жеке-дара құқық негізінде қоғаммен өзара әрекеттесетін, мемлекет пен қоғамның, азаматтардың өзара құқықтары мен міндеттерін анықтайтын, олардың өзара қарым-қатынастары мен өзара әрекеттесулерінің жеке-дара элеуметтік түзілімнің білгілі бір дәрежесі болды.

2)Мемлекеттің бар теориялырын шартты түрде төрт топқа бөлуге болады: мемлекеттің мәні жайлы, оның мақсаттары туралы, оның қызметінің құралдары мен тәсілдері жайлы, оның ары қарайдамуындағы жолдар мен перспективалар жайлы. Дегенмен де әр түрлі авторлар өздерінің еңбектерінде мемлекетпен қатысты проблемаларды қарастыра отырып, барлық аталған сұрақтарға осылай немесе басқаша жүгінеді. Әр түрлі топқа жататын теориялар өзара әрекет етеді, әр түрлі үйлесім түзеді.

3)Мемлекеттің әркелкілігі – оның мәні, ол туралы, оның түсінігі, рөлі, тағайындалымы туралы елестетулер, ең алдымен шегінде өзі пайда болатын және дамитын уақыттың өзімен, қоғамның даму деңгейімен, қоғамдық таным және оймен дамиды.

4)Мемлекеттің күрделілігі және көпқырлылығы бір жағынан әр түрлі авторлармен субъективті қабылдау құбылысы және түсінігі ретінде, екінші жағынан оның көпнұсқалы түсінігінің және әрқилы түсіндіруінің мүмкіндігі және тіпті сөзсіздігімен негізделеді.

5)Шынайы өмірде «таза» класстық та, таза қағамдық мемлекеттік институттар жоқ, демек, оларға сәйкес келетін мемлекеттің анықтамасы да жоқ. Осыдан мемлекеттің белгілі бір түсінігінде тек оның класстық элементтерін ғана емес, сәйкес келетін белгілерін, сонымен қатар класстан тыс, «жалпы адамзаттық» белгілері мен жақтарын есепке ала кеткен жөн.

6)Сөз демократиялық мемлекет туралы болған кезде, тиімді мемлекеттіктің негізгі факторы, ең алдымен азаматтарға берілген мүмкіндігін мәңгілікке бекіту және олардың бірігуімен мемлекеттің қызметіне тиімді әсер ете алатын осындай құрылым менмеханизмдер түсініледі. Мемлекет күшінің шарасы еркін азаматтық ерік білдіруі, ашықтық шарасы, азаматтардың құрастырушылық саяси-құқықтық белсенділігінің қабылдағыштығы, азаматтық қоғамның институттары үшін оның қолжетімділік шарасы болып табылады.

7)Демократиялық мемлекетте басқару жүйесі тиімділік механизмінен (элеуметтік, саяси, құқықтық) тұруы керек. Біздің ойымыздағыдай механизм «мемлекет-тұлға», «мемлекет – азамттық қоғам» сияқты дихотомилардың біршама рационалды өзара әрекеттестігі болып табылады. Тек осы механизм болғанда ғана, мемлекет мықты, азамттық қоғам –еңбекке қабілетті, тұлға –оң белсенді және бастамашылықты, ал барлық қоғамдық жүйе – құқықтық бола алады.

«Кім өткен өмірге ие, сол қазіргі сәтке ие. Қоғам алдына өткен өмірді ашыңыз –сонда сол өзінің болашағын басқаша ұйымдастырады» [7, 234]. Автор дұрыс айтады, себебі шынында да тек өткен өмірді біле отырып, болашақты құруға болады. Мемлекеттің құрылуының тарихын зерделеп және біздің өткен ғалымдардың тәжірибесіне сүйене отырып, қазіргі заманғы, тәуелсіз, ең бастысы жоғары өмір сүру деңгейі және экономикасының дамуы бар дамыған мемлекетті құруға болады. Қазіргі уақытта жиналған сол барлық оң потенциалды жоғалтпай, керісінше оны еселетіп және өзіміздің ұрпағымызға лайықты мемлекет қалдыруды қалайтын едік. Адамзаттың мың жылдық тархында мемлекеттің дамуы және құрылуы жайлы орасан жұмыс жүргізілген болатын. Соынмен қатар, көптеген мемлекеттерде жарияланған нормалар декларитивті сипатта емес, тәжірибеде енгізілуін және жетілуге төтеп беруін қалайтын едік. Қазіргі заманғы мемлекетке көреген саяси қайраткерлер, моральдік, адамгершілікті, өзін-өзі жетілдіруге талпынысқа ие тәрбиелі, білімді

және адамгершілікті қоғам жетіспейді. Себебі тек қоғамды дамыта отырып, келесі біршама жоғары деңгейге шығуға, сонымен бірге мемлекет-идеал, үстемдік етуші мораль нормалары мен құқықтар болатын болашақ мемлекет құруға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Лазарев В.В., Липень С.В. Теория государства и права: Учебник для вузов. - М.: Издательство «Спарк», 1998. – 435 с.
2. Политология: Курс лекций. /Под ред. М.Н. Марченко. - М.: Зерцало, 1997. - 169 с.
3. Комаров С.А. Общая теория государства и права. – М.: Юрайт, 1998. – 348 с.
4. Қазақ Энциклопедиясы. - Алматы, 2007. – 525 б.
5. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007.
6. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Экология және табиғат қорғау / Жалпы редакциясын басқарған – түсіндірме сөздіктер топтамасын шығару жөніндегі ғылыми-баспа бағдарламасының ғылыми жетекшісі А.Қ.Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2002. – 456 б.
7. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005 . – 566 б.

ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ӘЗІРЛЕУ ТУРАЛЫ

*Назарбаев Н.Ш., заң факультетінің 2 курс студенті, Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ
(Ғылыми жетекші – Байжанова Г.Т., з.ғ.м., мемлекет және құқық теориясы мен тарихы
кафедрасының доценті)*

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы қабылданған мезеттен бастап еліміздің мемлекеттік тілі ретінде қазақ тілі танылған. Онда «Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» - деп атап көрсетілген [1, 4].

Біздің мақаламызға арқау болып отырған көкейтесті мәселе – мемлекеттік тілді заң шығару тілі ретінде қалыптастыру және қолдану. Аталған заңда мемлекеттік органдардың қазақ тілін барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға және қазақ диаспорасына ана тілін сақтау мен дамыту үшін көмек көрсетуге міндеттілігі де баса айтылған. Дегенмен, ел тәуелсіздігінің жиырма бес жылдығы қарсаңында мемлекеттіліктің басты атрибуттарының бірі – тіліміздің даму қарқыны, мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу салаларындағы қолдану деңгейі қандай деген сұрақ ойландырмай қоймайды.

Тіл. Небәрі үш әріптен құралған бұл сөздің астарында қаншама мағына, қаншама мән, қаншама қызмет жатыр. Тіл - мына сіз бен бізді байланыстырушы қатынас құралы. Оның көмегімен адамдар бір-бірімен пікір алмасады, ойын, сезімін жеткізеді. Тілсіз қоғамды елестету мүмкін емес. Тіл арқылы адамдар білімін шыңдап, өзін-өзі жетілдіреді, қоғамда ойып тұрып орнын алады. Ендеше, осы тіл, соның ішінде қазақ тілі құралдарының еліміздің құқықтық жүйесін қалыптастырудағы рөлі мен маңызына тоқталсақ. Ол үшін алдымен құқықтық акт түсінігін, оны қалыптастырушы субъектілерді анықтап алайық.

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңында: «Құқықтық акт – республикалық референдумда қабылданған не уәкілетті органдар қабылдаған, құқық нормаларын немесе жеке-дара билік ететін құқықтық нұсқамаларды қамтитын, белгіленген нысандағы жазбаша ресми құжат» - ретінде көрсетілген [2, 1].

Қазақстан Республикасында нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеушілер ретінде төмендегі субъектілер танылған:

- Президент Әкімшілігі, Үкімет, өзге де мемлекеттік органдар – Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы немесе Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына негізделген Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының тапсырмасы бойынша, олармен келісу бойынша – ұйымдар мен азаматтар Қазақстан Республикасы Президентінің заң